



Ойыл 100 Жылы

«Жер бетінен ұлт ретінде жойылып кету қаупі төнді». Қандай қорқынышты сөздер?! Бірақ, ұлы тарих бұлтартпайды, тіршілік жолында жанталасқан ата-бабаларымыз жер бетінен жойылып кетпеу үшін амалсыздан талай рет қотарыла қоныс аударды. Ең алғашқы ұлы көшті скифтердің көсемі Ишпақай бастады, ол Каспий теңізін жағалай жылжыды. Аргы аталарымыздың азапты жолын суреттей келіп, белгілі тарихшы ғалым Т. Жұртбай былай дейді: «Ондай азапты араға екі мың жыл салып барып «Ақтабан шүбырынды, алқа көп сулама» кезінде сол көшпелілердің тұқымы қазақтар да басынан кешірді» (47.91). Қаншама ғасыр өтсе де, бүгінгі күнге

ұшін жүрегі түкті Алтай мен Арал батыр да, ақылы жайлау Әжібай би де, қазақтың басқа марқасқалары сияқты, мал-жанды сақтаудың сан алуан жолдарын іздестіріп бақты. Әбілқайыр бастаған бір топ ел жақсыларының қолдары қойылып, Анна патшайымға қолданған тарихи анттардың бірде-бірінде Әжібайдың да, Алтай мен Аралдың да есімдері кездеспейді. Бірақ олар санаға еріксіз сыналғанған бодандық ұғымына мейлінше сақтықпен қарап, ресми анттарға қол қоюдан қағыс қала бергенмен, Ресей өкімшілігімен ынтымақты байланыс орнатуға бар күшін салды.

Ресей «тыңшыларының» қазақ ханымен кездесуге келуін басқыншы-

дік мүдде тұрғысынан пайдалануға тырысқан.

Мал баққан қазаққа малының қамын ойлау тірлік етудің бір келілі болғандықтан, «ел серкелері» жайлы өріс іздеп, «кісідегінің кілтің ашуға» амалсыз ұмтылды. Ресей құжаттарында қазақ елшісі Қойбағар Көбековтің патша өкімшілігіне Кіші жүз старшындарының осындай ұмтылысын білдіретін өтінішін ауызша жеткізгені туралы дерек сақталған. «Қазақ-қайсақ ордасының старшиналары: атап айтқанда Сүгір, Едікбай, Хаджибай, Шуақ, Құлыбай және Кіші жүздің басқа да тектілері, Е. ханшайымның мейірім шапағатына беленгісі келеді!... Олар қазірде көшіп-қонып жүрген далалықта, башқұрттар мен Жайықтың аралы-ғында, Кіші Жар тауының маңында, аттылыға Үфіден жеті, Жайықтан алты күндік, ал Аюке ханның қол-астындағы қалмақтардан жиырма күн-

кеткен күндердің бірінде Сергейді бауырлары ізден келіп, екі жаң не істері-пін білмей қиналады. Сонда Әжібай: «Орыс, қазақ болып екі топқа бөлініп тұрыңдар да баланы шақырыңдар. Бала қай топқа барса, сол топта қала-ды», — дейді. Орыстар да бұған келіс-седі. Бі өз адамдарына «Баланы сауранкөктердің біріне мінгіздер де, өздерін екіншісіне мініздер» дейді. Баланы астындағы сауранкөк өз қандастарына бұрып өкеледі.

Жем, Сағыз, Ойыл, Жайық бойын-дағылар төмендегі екі арысты ерекше құрмет тұтатыны сондай, тіпті «Әжібай жақсы ма, жок елде Арал жақсы ма?» деп айтысп та қалады екен деседі.

Бағзыдағы қытай жазушылары Чжан Цзинь мен Ли Бо сахара көшпе-лілерінің теңіз аттары жайында алыс-тағы батыс жақта (Ұлы Далада) айда-нарлардай алып денелі қанатты кере-мет аттар мекендейді деп өңгімелейді.

біразы шындыққа жақындайды.

С.Жақыповтың 2006 жылы жарық көрген «Атамұра» атты кітабында Балта батырдың шежіресі тарқаты-лады. Еңбекте Балтаның Әбілқайыр, Сөмеке сияқты қолбасшылармен бір-ге болғаны айтылады. Абылайды ақ киізге отырғызып, хан көтергенде оның бір бұрышын Балта батыр ұстаған. Балтаның сүйегін үлкен ұлы Итқара батыр қырық жауынгерімен қасиетті Түркістанға, Қ. Иассауи кесе-несіне жерледі, кейін онда арнайы тақта қойылды. Балта батыр жайында Нарманбет ақын:

«Мен өзім қайдан шықтым —

Дәуден шықтым.

Асусыз асқар таудан шықтым.

Нағашым Балта-Түіме — екі

темір,

Қажымас қара болат Дәуден шық-тым», — деп жырлады (54.4). Ал енді Орта жүздің Қаракесегінен тарайтын

сыналай қағып кетіпті. Өңгіме сары-нын сезген директор: «Романовыңсы сондай делік, сонда сол маңда осы топырақтың имандай ұл, не қыз тумасағы ма?» деп намысты қамшы-лай сурақ қояды. «Тумағаны несі, туғанда кандай, Ботагәзші, Ботагәз» деп шу ете түседі ақсақалдар. «Кім ол, Ботагәз?» «Ботагәз ару төменгі жақтан көшіп келе жатқан бір сыйлы атаның көрікті десен көрікті, ақылды десен ақылды жаңа түскен жақ келіні көрінеді. Жаңағы сыйлы атаның алты ұлы бар екен. Сол алты ұлына көшті кезек басқартып үміт артып көрсе, алты ұл да жер ыңғайын байқай алмай көшті жайсыз жерге қондыра беріпті. Содан кейінгі қалаланған атамыз көшті Ботагәзге басқартыпты. Ымырт үйі-ріне бидайығы мен изені қою өскен, ыз аралас самалы бар ойланды жердің беткейін бастыра көшті тоқтатып, үй тіптіруге бұйрық етеді жас

ҚҰБА ҚАЛМАҚТАН ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚОНЫС

жеткен, ең көне түркінің батыры Алып Ер Тұғанын.

«Алып Ер Тона өлді ме?

Опасыз дүние қалды ма ?

Заман ешін алды ма ?

Енді жүрек жырттылар» — деп жоқтаған жыр «Ақтабан шүбырынды, алқакеп сулама» заманындағы:

«Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Қарындастан айрылған жаман екен *Екі көзден мөлтілдеп жас келеді-мен»* сарындас, арада екі мың жыл өтсе де халық басындағы мұң-қайғы алпыс алты тамырды бір кезеңдегідей қуалап, жан-жүректі бірдей сызда-тады.

Тарихшылар жазғандай, жер беті-нен ұлт ретінде жойылып кету қаупі туған «Ақтабан шүбырындыда» Ұлы жүз, Ортажүздің бір бөлігі Сырдарияға Шыршық құтып тұстан сол жоғары өткелден етіп Ходжент, Самарқан иеліктеріне көшті. Кіші жүз Сауран қаласын айналып, Бұхараға ауды, бір бөлігі Жеті, Ойыл, Жайық өзендеріне дейін жетті. Жоңғарлардың тегеуірінді соққысынан есенсіреген, әбден күй-зелген елді бытыратпай, бүкіл жолда ұрыс сала отырып жылжуға тура келді. Өйткені, бұл кезде аталған жерлерді қалмақтар жайлапты. Сонау ноғайлы заманында уақыт желіміен Сыр бойына ығысқан Кіші жүздің бір шоғыр рулары енді жаңағы қалмақтарды ығыстырып, атажұртқа жету үшін қайтадан қару асынып, атқа мінді. Сол бір шоғыр рузы, соның ішінде кете-лерді бұл кезде даналығымен де, дархандығымен де өз арасында әулие атанып үлгерген Әжібай би бастады.

Қағаберістері көп қилы заманның бұралаң қолымен арып-ашқан қалың көшті бастау бейбіт отырған елдің қак ортасында отырып, ел ішіндегі есер-лікті жөнге салатын бәтуәлі сөзді бастаудан әлдеқайда қиын еді. Тұтам жерден айрылғысы келмей тістескен құба қалмақ қолынан келсе көштегі тірі жанның бірін де алға бір адым аттаттыруға жокты, еңкейген көрі, еңбектеген жас демей шошандарған найзасының ұшына іле кетуге мүдделі болатын. Сондықтан, Сауран айна-лып өткен көштің басында жан сілтеп Әжібай жүрсе, көштің бас-аяғын бақы-лап, күн-түн демей ат үстінде тамақ-танып, ат үстінде көзін іліндіріп алып, көшке қалқан болған қарулы топты бастап Алтай жүрді.

Әжібай Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, бүкіл Атырау бойына белгілі бап, әрі би Балпаштың ұлы да, Алтай 1742 жылы қазақ пен қалмақ арасында бір-біріне соғыс ашпау туралы бітім жасасуға қатысқан, Жайықтың ішік жағына малын қыстатуға Орынбор өкімшілігінен Кіші жүзде бірінші болып рұқсат алған қайраткер, ақ кетенің белгілі біі, батыры. Қай заманда болсын, ортаның ауыртпалығы, ең алдымен сол ортаның сеніп, үміт ар-қан арысының мойнына түскен оқи. Сол «Ақтабан шүбырындының» нәу-бетінде батысқа бар алған тек Әжібай мен Алтай басқарған көш емес-ті. Жаңағдай жүйі аршапал, бес қаруы бойында, белін шешпей, түн қатқан батырлардың бірі Есет те соңына ерген елдерестін Сауран маңынан Арал теңізінің солтүстік батысына өкел көпестандырды. Бұл Есет Кіші жүздің өйгілі батырлары Көтібардың Есеті немесе Көкінің Есеті емес, адай Есенқұлдың Есеті еді. Шапқар, Жем, Сағыз, Темір, Ойыл бойын құба қал-мақтардан тазартуға ерлігімен көп үлес қосқан Есет-ті.

Ұлы көш дйттеген жеріне жеткенмен атажұрттың мамыражай тіршілігі өпі саямды армандай еді. Сондықтан, тап сол үшін туғандай, Алтай, Арал, Көкінің Есеті, Бөкенбай мен Жөнібек сияқты батырлар ылғи да ат үстінде болды. 1731 жылы Еділ қалмақтары-мен соғыста қолға түсіп, екі-үш жыл-дан кейін тұтқын алмасу арқылы боса-ған Алтай, бөрібір бос бағып, тышу тауып отыра алмады. 1738 жылы Құм-дария, 1742 жылы Ойыл өзені бойын-дағы қалмақтарға қарсы қол бастап шықты.

Қарымды қаламгер Ө.Кекілбаевтың өлеменін біраз елінің тіліне аударылған «Ұркер», «Елең-алаң» романдарында Шона Добыны тұтқынындағы бір топ қазақ балаларымен бірге Дөңдік Омбының өлтіретіні, ол балалардың ішінде тама Есеттің ұлы Ақмандайдың да болғаны, содан Әбілқайыр қасын-дағы батырлардың қатты намысқа минетіні бар. Міне, осы Дөңдік Омбыға қарсы соғысқа тама Есет, табын Бөкенбайлармен бірге Алтай да қаты-сады. Алтайдың өзі жинағаны 2000 көп, Бөкенбай батыр екеуі осы екі мың кісілік қолды бастап шығып, Жем өзенінің бастауына бекінген қалмақ-тарды Жайықтың аргы бетіне қуып тастайды.

«Батыр бір оқтық» демей ме дала-лық пөлсапа. Оның да белгілі бір алар асуы бар. Одан арысыс беймағлұм. Жағдай көтере ме, жок па?! Жат жұрт-тықтың көрінеу басынуы намысты қоздырып, кекті қайнатса да, қалың елінің қызбалықпен ұрынып қалмауы

лық пиғылды жүзеге асырудың басы де бағаланған кейбір қазақ батырлары Мәмет елшіні, тіпті «орыстарға саты-лып кеттің» деп Әбілқайырдың өзін өлтірмекші бол ашуға мінгенде Әжібай би хан қасында болған Көкінің Есетін, Бөкенбай мен Жәнібекті қолдады. Әбілқайыр ордасына антқа қол қою үшін шақырғанда аурулығын, жасы-ның ұлғайғандығын (бұл кезде ол *елү-дің үстіне енді ғана шыққан еді — С.Б.)* сылтау етіп хан ордасына бар-май қалғанмен, кейін ханның өзі Жайық бойында отырған Әжібайдың аулында болып, онымен мейлінше құпия жүргізілген кездесуден кейін қалың кетенің хан ыңғайына құлағаны бар.

Жалпы, ресми құжаттарға қараған-да, Әжібай ауылы Әбілқайыр ханның ауылымен іргелес жүрген. Орынбор-лық тұңғыш тарихшы, Петербург ғылым академиясының корреспон-дент-мүшесі П.И.Рычков қызмет бабында қазағза түсірген материал-дарда, яғни «журналдық» жазбаларда Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Барақ сұлтанның және бірқатар би-лердің ақылдаса келіп жоңғардың қаны Галдан Церенге ұлдарын аманатқа беруіне қатысқан. Ал Барақ сұлтанның өзінің үлкен ұлы Шығайды жоңғар ханына аманатқа жібергені, Орта жүздің белгілі адам-дарының арасында Жөнібек батыр-дың бұған құлақесті қарсы шыққаны, оның Әбілқайырдың қасында болып, өле-өлгенше хандық билікті қолдап өткені белгілі. Осы кезде, дәлірек айтқанда 1742 жылы маусым айында Әбілқайыр хан, Барақ сұлтан, Жөнібек пен Нияз батырлар Ойыл, Қиыл өзен-дері бойларын жайлап отырды (48.18). Әбілқайыр ханмен іргелес қана емес, сыйластық қатынаста болған Әжібай бидің де жаңағы аманат жөніндегі еңгімеден қалыс қалуы мүмкін емес. Тек қолдады ма, жоқ елде жоңғарлықтардан ауылып алыс салды ма, өңгіме сонда.

Кетелердің қазіргі шежіреші қарт-тарының бірі Қанез Ыбыраев ақсақал-дың айтуына қарағанда, Әжібайдың он баласының алтауы өз кіндігінен тарағандар да, қалған төртеуі асырап, бала етіп алғандар. Жаңағы алтаудың екеуі, яғни Толыбай мен Мәнжі қал-мақтардың тұтқынында кетіп, содан оралмаған. Ақыры олар Толыбай мен Мәнжіні шоқындырып, қалмақ етіп жіберген.

Ал көрнекті Ресей дипломаты және Орынбор өлкесі өміршісінің кеңесшісі Құтлымұхаммед (Алексей Иванович) Тевкелевтің қызметтік жазбаларында келтірілгендей, 1733 жылғы 29 шілде-де Әбілқайыр ханның атынан Кіші жүз-ден Әжібай би (*орыс құжаттарында Ходжибай би, біресе Ходжанай би — С.Б.)*, шектілерден Мойнақ би, шеме-кейлерден Кедей би, жаппастардан Өтетілеу, алашалардан Бабатый би, қыпшақтардан Шынәулет, найман-дардан Өтеген батыр бар, бір топ елге сыйлы адамдардың Тевкелевке Әбіл-қайыр ханның аманаттағы ұлы Қожах-метті тағы бір ұлы Айшуақ сұлтанмен ауыстыру жөнінде өтініш айта бара-тыны бар. Солардың арасында бірінші болып Әжібай би ұлын аманатқа беруге өзір екенін білдіреді. Сол арада оны Кедей би мен Бөкенбай батыр да қолдайды.

Аманат алмасуға Ресей жағы мүдделі болса керек, араға екі күн салып Тевкелев Әбілқайырға тағы да хат жолдайды. 11 шілдеде ұлы Қожах-метті екінші ұлы Айшуақ сұлтанмен, белгілі старшындардың ұлдарын аманатқа бірге ала келген жағдайда ғана ауыстыруды сұрағанын еске салады. Және сол кезде аманатқа Әжібай бидің ұлы да аманатқа алына-тынын бөле-жара айтады. Соған қарағанда, патша шенеуніктері Әжібай бидің ел арасындағы беделін жақсы білсе керек. Айтқандай-ақ, бірінші тамызда Әжібай би мен Кедей би ұлдарын Айшуақ сұлтанмен бірге болуға алып келеді. Ертесіне Жөнібек тархан мен Бөкенбай батыр және он старшина аманатқа ед жақын туыс-тары мен ұлдарын өкеледі. Аманатқа Байтебет аталық та солармен бірге қалдырылады (49.229,241).

Ел ішінің тыныштығы, тіршілік ма-ғы үшін ата-бабаларымыз Аманат инсти-тутын ежелден қолданып келеді. Айталық, 1625 жылғы 16 желтоқсанда Еділ бойын қыстауға рұқсат алу үшін Едіге әулетінің, сондай-ақ қыпшақ, қонырат, қият, қытай, керейт, байұлы және басқа ру-тайпалардың кілең жақсылары мен жайсаңдары сенімге кіру үшін Аштарханның өмірішісе аманатқа балаларын өкеледі. Олар-дың ішінде осы өңірге таныс Қара Келмембет пен Қанай бидің, Солта-най мырзаның, Естерек пен Байтерек-тің адамдары бар (2.540). Әбілқайыр хан жанындағы белгілі тұлғалар да аманат алмасу дәстүрін осылайша ел-

дік қашықтықта қоныстануды өтінеді. Ал олардың аталған ұлыстарының халқы, шамамен, жүз мыңдай және олар шетінен жауынгер» делінген кеңсе қызметкері Михаил Алединский 1726 жылғы 17 наурызда қазағза түсірген құжатта. Сыртқы істер алқа-сының дәл сол күнгі осы мәселе бойынша түсірген қарарында, подпол-ковник Анненковтің 1725 жылғы 22 желтоқсанда жолдаған хабарында айтылғандай, Уфа татары Мақсоттың Қойбағар Көбековті губерния кеңсе-сіне Флория елшісінің төлқұжатымен тааныстырғаны, оның тұтқын алмасу-ды талап еткені, ал мына Қойбағар Көбековтің Кіші жүз старшындарының атынан олардың Ресей бодандығына өту жөніндегі өтінішін өкелгені, қолын-да ешқандай құжат болмағандықтан келген елшінің жеке басын анықтау мүмкін еместігі баяндалған (50.354).

Он жетінші ғасырдың екінші жарты-сында-ақ елу мың түтінімен Хо-Урюк және басқа тайшылар Жайық бойын жайлай бастаған еді. Осыдан бір ға-сыр өткенде бұл шйігінді алқап қазақ-тар үшін де, калмақтар үшін де қақ-тысы туса «тас жүзтің» төуекел етуге тұратын өріске айналып үлгерген-ді. Мұндай жағдайда калмақтарды бода-нында ұстаған Ресей өкімшілігімен тіл табыса білудің жеті тым бөлекі. Сондықтан, Әжібай бидің де бұған бар күшін салуы, өрине түсінікті. 1747 жылғы 10 мамырда Әжібай би Орын-бордың генерал-губернаторы И.Неп-люевке хат жолдап, Ресеймен ара-дағы сауданы дамытқысы келетінін, осы мақсатта Құттыбай батыр мен Қозыбақты жіберіп отырғанын, гене-ралдың талабымен қолындағы бір тұтқынды босатқанын, қалғандары туралы кейін хабардар ететінін білдіре келіп, қазақтардың Орынборда сауда жасауына кедергі келтірлімеуін өтінеді және Арал батыр екеуінің бір шұбар тай сыйлағанын жазасы (51.339).

Өтініші аяқсыз қалмаса керек, көп ұзамай, яғни сол жылғы 24 қазанын-да И.Неплюев Сыртқы істер министр-лігіне қазақтардың орыс бекіністерін-де бах салығы салынбай сауда жүрі-зуіне құқық беру туралы рапорт түсір-ді. Іле-шала, 24 желтоқсанда осы министрлікке Кіші жүз бен Орта жүз-дегі жағдай жайында хабарлаған ақа-ратында генерал-губернатор белгілі старшындар Әжібай биге, Алтай және Арал батырларға он бірінші желтоқ-санда елші жібергенін, олардың және Есет тарханның тонаушылық пен қарақшылыққа жол бермейміз, егер Еділ қалмақтары сондай еректерге бер-дас, олардың жолын кесуге бар күшімізді саламыз, алда-жалда қал-мақтар күшейіп, еңсе бермей бара жатса бұл жөнінде хабардар етіміз деп сендіргенін, Әжібай бидің, Алтай және Арал батырдың Аш-тарханнан он бесінші шілдеде кері қайтқан Хиуа елшісі Аджи-Мұхаммет молда Тұрсы-новтың Хиуаға аман-есен жеткені жайлы хабарлағанын мәлімдейді.

Әбілқайыр өлімінің себептерін анықтауға қатысты іс бойынша Кіші жүзге келген Яков Гуляевтің күнделі-гінде Алтай есімі жиі айтылады. 1748 жылдың 21 қыркүйегінде Нұралы бас-таған төрт жүздей билер мен ел ақса-қал-қарасақалдары Бойай ханымын отауында бас қосып, хан айналасын-дағы ұшығып тұрған мәселе жайлы ақылдасады. Осы кездесуге Алтай батыр да келеді. Ол осыдан кейін іле-шала, яғни 5 қазан күні Елизавета патшайымнан Кіші жүз бен Орта жүздің бір топ би, батырларымен бірге Нұралы сұлтанды Кіші жүздің ханы етіп бекітуді өтінген хатқа қол қояды (51.410).

Нақ осы күні осындай мазмұнда Нұралы мөрің басқан хатта Елизавета патшайымға, дәл ертесіне Бойай ханым жазған және аудармашы Яков Гуляев ауызша жеткізеді деп көрсетіл-ген екінші хат бригадир Тевкелевке жөнелтіледі. Бұл Алтай батырдың Кіші жүздегі елеулі оқиғалардың қак орта-сында болғанын, ерлік те, елшілік те таразды басында дір-дір етіп тұрған сол бір күндерде ел мүддесін қорғай білгенін көрсетеді. Әйтпесе, патша-ның генерал-губернаторы И.Неплюев 1749 жылғы 8 ақпанда Сыртқы істер министрлігіне жолдаған хабарлама-сында Әжібай би мен Алтай батыр, Арал мырзаның, Есет тархан мен Есболай бидің аттарын қайта-қайта атап, оларға Жайық өзенінің ішкі жаынан жайылымды жер берілуін өтінер ме еді (51.440). Оларға сол және келесі жылғы аталған жерлерді иемденуге рұқсат етіледі.

Ресми құжаттарда келтірілген және ел есінде қалған деректер мен өңгімелерге қарағанда, Әжібай би алды кен, айналасына көпенкесі мол түсетін абыздай болғанға ұқсайды. Елiнде ханның бір адамын өлтіріп, Әжібайды паналаған қарақалпақ жігіті мен осы іспеттес тағдырмен ел асып келген Сергей деген орыс жігіті бидің қамқорлығымен өз алдына отау қу-рып, кейін Қарақалпақ, Сегіт деген ел-нен Кетенің бір тармағына айналады. Сегіт туралы мынадай өңгіме де бар. Әжібайға өбден бауыр басып

«Юечжи еліндегі үңгірлерде

Арғымақ аспан тектес келді

өмірге.

Арқасы теңбіл-теңбіл жолбарыстай *Айдаһар қанаты бар денесінде»,* — деп жазды Ли Бо (52.234). Осы жолдарды оқығанда Әжібайдың Сауранкөктері еске түседі. Ш.Таниев жазбаларында бидің бір биесіне теңіздің «Суын» атты айғыры шауып, жаңағы көк теңбіл жылқылар содан тараған, «Баласы Сауранкөктің мен қазанат, артынан қиқу шықса елеу-реген» деген жыр жолдары содан қал-ған екен дейді. Әжібайдың көк теңбіл жүйріктері тұқымының Ұлы Отан соғысына дейін сақталып келгенін жиі айтатын қариялар. Ендеше Әжібай жүйріктерінің одан жарты, бір ғасыр-дай ілгеріде С.Жантөрин тамашалай жазатын осы өңірдегі текті жылқылар-дың, атап айтқанда Ханғали Арас-ланов сұлтаның түркімен ахалте-сімен шатысы бар жүйріктерімен және Баймұханбетовтер әулетінің қаны таза жергілікті «Сары қызыл» арғы-мақтарымен (53.51) бөсекелесіп, 1880 жылы Петербуртта өткізілген жылқы көрмесіне Орынбордан апарылған бір топ жылқының ішінде арғымақтары-мен атышулы осы өңірдің сәйгіулікте-рінің болуы да өбден мүмкін. Әжібай мен Алтай сияқты, Арал да ел тыныш-тығы үшін ерен ерлік көрсеткен айту-лы тұлғалардың бірі. Оның 1733 жыл-ғы Аяғөз маңындағы тарихи шайқасқа Кіші жүзден тама Есет екеуінің он мың қолды бастап баратыны Олжабай Нұралының «Сабалак» дастанында жырланады. Арал батырдың сауыты қазір ұрпақтарының қолында сақтау-лы.

Ойыл аумағында қалмақтармен шайқастың елесіндегі Келбатыр, Кен-жалы, Қонжар, Қалмаққырған *«Қал-мақ қырылған» болуы керек — С.Б.)* деген жер атаулары бар. Уақыт өте келе аңыздық сипат алғанмен оның түп төркіні шындықтан алыс болмауы керек. Сөзіміз дәлелді болу үшін тарихқа үңілейік. Ен алдымен — бұл өзі қай жылы шайқас?

Еділ бойындағы қалмақтардың, табиғи отанына үдере көшуі 1771 жылдың 5 қаңтарында басталғаны белгілі. «Қалмақтардың басым көп-шілігі 1771 жылы ұлы көшке толықтай саналы түрде, тіпті сеніммен белсене қосылды. Ол ұшқарылықпен немесе ауыртпалықты толық сезінбеумен емес, этникалық бірлікке — тарихи аса маңызды кезеңде өзінің элитасының маңына мүмкіндіктің ең шекті сәтінде топтасуға ұмтылуымен ерекшелен-де», — дейді «Соңғы ұлы көш» атты еңбегінде белгілі тарихшы В.И.Колес-ник.

Мүмкін солай да шығар, бірақ ол көш ойылдықтар үшін өте қымбатқа түсті. Себебі қалмақтардың ұлы көші Ойыл даласының да үстімен өтті. Қытайға бет алған ұлы көшке жол ашу үшін қалмақ әскері Жайық бойындағы бекіністерді орындап, өртей жылжы-ды. 20 қаңтарда Калмыкос бекініі де осындай өртке оранды. Ойылдың біраз жерінің кейін Калмыкос озына қарағанын ескерсек, аталған өңірдің де қандай қиылы болғаны, өрине белгілі. Осыдан төрт күннен кейін, яғни 24 қаңтарда И Елизавета пат-шайымның қатысуымен Мемлекеттік кеңесте қалмақтардың осы ұлы көші жөнінде мәселе қаралып, «оларды қайткен күнде де Еділге қайтаруды» міндеттеген шешім қабылданды. Дәл ертесіне Әскери алқаның өкілдері Царыцин мен Орынборға шұғыл жөнелтілді. Оларға «бұзық қалмақ-тарды кездескен жерде құртыңдар, кері қайтарыңдар, маңдарын сыпы-рып алыңдар, бетке ұстап адамдарын, олардың балаларын, мүмкін болға-нынша хан мұрагерлерін тұтқындап» деген өте құпия тапсырма берілді.

Сондай-ақ патша өкіметі Кіші жүзді билейтін Нұралы, Досалы, Айшуақ-тарға қалмақтар босқынын тойтарып, кері қайтаруды тапсырды. Ал бұл кез-де Убашы бастаған қалмақ ноаян-дары Ресей шекарасынан 300-400 шақырымдай қашықтап үлгерген еді және шамалап айтқанда, Ойыл дала-сымен хаш соғыса жортып келе жат-қаны. Бұлай дейтініміз, Убашы қолы, Парашук жазғандай, жолшыбай асқан қиындық, сансыз шығынмен асығыс жылжып, 18 ақпанда Жем бойына келіп, сәл тыныс алды. Парашуктің жолшыбай деп отырғаны жоғарыда аталған Келбатыр, Кенжалы, Қонжар, Қалмаққырған болу керек, өйткені бұл Калмыков бекінісінен Жемге ең төте жол.

Көп адамы мен малынан айрылып, қалжыраған Убашы қолы Жем бойына айға жуық ел жинады. Ол убазқа бармай, 15 наурызда қазақтардың алғашқы қатты соққысының астында қалды. Айшуақ сұлтанның ұлы, ішін-де өіелі, балалары бар, қалмақтың 130 адамын тұтқындады, көп малын айдап өкетті. Одан кейінгі соққыларға төтеп бере алғанмен, қалмақтар қауіп-ті жерден алыс кетуге асығып, Мұғал-жар сілемдеріне қарай тең көтерілді. Демек, ауызекі айтылатындардың

Балтаның Ойылға қандай қатысы бар?

Атақты Аңырақай шайқасынан кейінгі азғантай жылымықтан соң қазақ хандарының арасында алауыз-дық туып, Әбілқайырдың батысқа жылжып, Ресейдің қол астына, Ұлы жүздің Ташкентке жылжып, қалмақ-тардың бодандығына түскені, Орта жүздің Сөмеке бастаған бір бөлігінің башқұрттарға барып, солармен одақ-тасқаны белгілі. Соңғы дерек жөнінде оған күдік келтірушілер кездеседі. Дегенмен, Анна Иоановна патшайым-ның 1734 жылғы 20 сәуірде Әбіл-қайырға жолдаған грамотасында «Сө-меке ханның Ресейге бодан болуды өтіне отырып, оны аяғына дейін жет-кізбей башқұрттармен бірге қашып кеткенін» айтып ашулануына, осыдан бір жарым айдан кейін, яғни 10 мау-сы

АТА ДӘСТҮРІМІЗ - АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗ



Қат-қабат тарих түкпірінен жетіп, сақталып қалған салт-дәстүрімізді, үлгі-өнегелерін кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз. Тегінде салт-дестүр, жөн-жоралғыларды тек біліп қою аз. Оны сақтап, күнделікті өмірде қолданып, ұрпақ бойына сіңіргенде ғана баянды болады. Бір өзің ғана біліп, оны кейінгіге үйретпесең, білгенің ана дүниеге бірге кетпей ме?

«Шілдехана, бесік той, тұсау кесер, сүндет той».

Құда тұсу, сырға салу, бет ашарым-ай!» - деген өн жолдарында түгелдей қазақ халқының тұтас бір өмірі жатыр. Қазақтың қай тойы да жөн-жоралғысыз өтпейді. Ұлттық дәстүріміз болғандықтан, олар өзіміз үшін қызық өрі қымбат. Бірақ, соңғы кезде кейбір дәстүрлеріміз кенже қалып, кейбірі мүлдем бұрмаланып, басқаша бағытталып бара жатқандай...

Бір мемлекетте тұрғанмен ер облыстың өздерінің қалыптасқан дәстүрі бар. Мысалы, Кіші жүзде,

өсіресе, Ақтөбе, Орал, Атырау облыстарында құда тұсуге барған адамдар «Құдайы қонақ» болып барады. Тіпті, меілі, көршісінен қыз алып жатса да. Құда келетінін естіген ағайын-туыстар бір шаңырақтың астына жиналып, «Құдайы қонақты» танымайтын, білмейтін адам ретінде қарсы алып, құрметтейді. Өзара ағайын-туыстарының тілектерінен кейін «Құдайы қонақтарынан» жөн сұрайды. Осы кезде ғана «Құдайы қонақтар» өздерін таныстырып, «Екі тектің баласын ептемекке келгенбіз, елдестіrmек елшіден, жауластырмақ жаушыдан, Құсқа салған аңшымын. Сізде қыз бар, бізде ұл бар. Қызыңа келген жаушымын...» деп, елдің немесе осы үйдің қыздарын үкілей келгендігін, яғни, елші құда екендігін білдіреді.

Соңғы кезде «Құда тұсу» дәстүрінде көңілге қоныссыз жайттар кездесіп жүр. Бұрын біздің ата-бабаларымыздан қалған дәстүрімізде, құда келерде қыз жағы қыздарын туыстарының

үйіне жіберіп, қашан бөтен үйдің есігін аттағанша құдалар жағына көрсетпеуге тырысатын. Өкелген сырғаларын тағуды қыз жеңгесіне аманаттап, табыстайтын және қызыңызға «сырға тағуға келдік» демей, қызыңызды «үкілей келдік» дейді екен. «Сырға салуға келдік» деген тіркес «ен салуға келдік» дегендей ерсі естілетінін де ескеру керек.

Сосын, қазіргі кезде қызды қыз жеңгесімен шақырып, жағалай көрістіріп, құдалар қызды ортаға отырғызып, сырға салу әдетке айналды. «Есті қыз етегін қымтап ұстайды» дегендей, есті қыз қашан табалдырық аттағанша ата-енесіне көрінбеуге тырысады. Бұл – қыздың беті ашылмаған тәрбиелігін көрсетеді. Қыз үйінен шығарда ата-анасымен, туысқандарымен қоштасқанда ғана жағалай көрістіріп шығарады.

Несіне жасырамыз, бүгінде беті ашылмаған қыздарымыздың азайып бара жатқанын да мойындауымыз керек. Бірде жаңағы құда тұсу дәстүрінің үстінде қыздарын аяғы ауыр күйінде көрістіргенін көріп, ата-аналарына, қызға қатты көңіліміз қалған кездер болды. «Қызға қырық үйден тым, болмаса қара құлдан тиым» деген ата-бабамыз, ал қазір қыздарымыздың үйінде жүріп-ақ аяғы ауыр болатынына да үйреніп, селт етпейтін болдық. Қызды өз босағасында сары алтындай сақтау – ер атаананың парызы. Өкінішке қарай, ұлттық мұраға келгенде сол нұқта-тізгінді мықтап ұстай алатындардың қарасы аз. Дәстүр жалғастығының бір кезде жутаған, жоғалған орны үңірейіп бос тұр. «Бос орына шайтан да үйір»

дегендей, күні ертең өзегіңнен теберегеней қаңсығын кейінгі ұрпақ мәдениетке санайтыны анық.

Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» деген кітабында былай деген:

«...Келін түсіргенде келіннің екі жағына екі жеңгесі келіп тұрады. Жігіттің екі жеңгесінің екі жағында тұруы міндетті екенін бәрі біледі. Алайда неге солай болуы керектігін тұрғызғандар да, тойға келгендер де жете ұқпайды. Қазақ халқы ештеңені ойсыз, мақсатсыз шығармаған. Өрбір дәстүрін, салттың титімдей кеде-ырымдарының астарында мән-мағына, тәрбие көзі жатады. Жаңағы екі жеңге – жаңа түскен келінді қолтығынан демеп, білмегенін үйретіп, ұқағанын түсіндіретін ақылшы кеңесшілері болуы керек. Бұлар осы әулетке мына келіннен бұрын түскендер, сондықтан шаңырақ дәстүрі, әдеттері басқа үйден келген, келіндік тәжірибесі қалыптаспаған жас келінді қамқорлыққа алатын абысындары. Ал қазіргі тойлардағы жеңгелердің жол көрсетпек түгілі, өз басына тәрбие жетпей жатқаны көзге ұрып тұрады. Бастары жалаңбас, талайларының бұттарында - шалбар. Оған өздері де қымысынбайды, ал бұл жерден қандай үлгі көріп тұрсыз?!

Кейбір тойларда келіннің жанына кім тұратыны ескерілмей, «сен тұр, мен тұр» болып, бірін-бірі итермелеп те жатады.

Түсінемін, тойдың қарбаласы көп, дегенмен бір естияр адам осыны ертерек қамдап қоюы керек. Қыздар келін түсіріп, шартарапқа жар салып жатқан жоқсыз, қазақтың тойының салтанат-

ты көрінісі осы – «беташар» ғой. Келінді демейтін екі келіншекке екі орамал, екі камзолды бұрынырақ дайындап, «беташар» барысында соны бір сәт киіп тұрса, қандай жарасымды болар еді. Соңынан, «құдай сендерді де келін түсіріп, қыз ұзатуға жеткізсін!»-деп ескерткішке сыйлап жіберсе, олардың көңілі көтеріліп қана қоймай, өрі қарай ұмытпай өздері де жалғастырап еді. Өнеге айтудан емес, көрсетуден бойға дариды».

Біз бұрынғылардың көзі емес, ата-бабаларымыздың қалдырған аманатын көзіміздің қарашығындай сақтауға ұмтылған ұрпақтарымыз.

Ел арасы жақын болған соң көрші Ақтөбе облысының той-домалақтарына жиі барып тұрамыз. Ақтөбеде «Құда тұсу» дәстүрі мүлдем бұрмаланып, басқа бағыт алып кеткенін байқаймын.

Мысалы, құда тұсуге келе жатқан құдайы қонақтарды «Құдалар» әнімен, қызыл лентаны қиғызып, «Құдалар, хош келдіңіздер!» деп жік-жапар болып қарсы алғанын көріп, жиналған ағайын-туыстың, үлкендердің, тіпті асабаның да жөн білмейтініне қарныс ашып, көңілің қалады. Құдай-ау, өлі құда түсіп, шаруасын айтпаған жан-дарды ата дәстүрден аттап, асты-үстіне түсіп, бірден құда қылып алғанымыз, сайып келгенде, қызымыздың да бағасын түсіріп жібермей ме?

Сонымен бірге, кетіп бара жатқан қызға да «Ілу» береді екен. Әдетте, «Ілу» дәстүрін күйеу жігіт өкеледі. Яғни қызын жақсы тәрбиелеп, есейтіп ер жеткізгені үшін күйеу жігіттің енесіне беретін сыйы.

Дәстүріміздің жөн-жосығын білетін

білікті жандар осындайда білгенін айтып үйретіп отырса, кейінгі ұрпаққа ұлттық дәстүріміздің қаймағы бұзылмай жетер еді. Салттымыз бен дәстүрімізден айырылсақ, қазақтығымыздан да айырылатынымызды ұмытпаған жөн сияқты.

Аллаға мың шүкіршілік, «Келіні жақсы үйдің ер керегесінің басы бере-ке» дегендей, таңертеңгісін ата-енесіне иіліп сәлем салып тұратын келіндерімізге күндегісін күнде «Бақытты бол!» деп бата береміз. Кісі келсе, орамалын тастамайтын, қай уақытта да шөйнегі қайнап тұратын, үлкендерге иіліп сәлем сала білетін биязы келіндеріме дән ризамын, инабатты да иманды етіп тәрбиелеген аналарына да алғысым шексіз.

Адамның жаратылысы қызық, жақсы нәрсенің жақсы екенін біле тұрса да «елден ерекшеленіп қайтеміз, жұрт өңіме қылып жүрер» деп өзгелердің ой-пікіріне жалпақтайтын жалған намыс, пендешілік бар. Өйтпесе, ешқандай қиындығы жоқ ата-бабамыздан қалған «Сәлем салуды» барлық келін дәстүрге айналдырса, несі жаман? «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген, күнде бата алып тұрудың өзі бақыт емес пе? Бұларды айтып отырған себебім, батыстың құл-қоқысымен ластанған жастарымыздың санасына кішкене болса да сәуле кірсе екен деймін. Абай айтқандай: «Кімде - кім ішінен керекті сөз тапса ойына тоқысын, керексіз десе өздері білсін...»

Ғазиза РАХМЕТОВА,

Ақжайық ауылы,

Теректі ауданы,

Батыс Қазақстан облысы.

АҚ КӨҢІЛ АЗАМАТ ЕДІ...

Өтіп бара жатқан өмір, арамыздан кеше ғана бірге жүрген досымыздан айырылғанда сезілді. Себебі қатар жүрген достардың арасында ер адамның орыны өз қиындықтарымен ерекшеленіп, ойсырап тұрады екен.

Ол досымыз өрине Төлеу Батанов еді. Бұл фәниден өтпей тұрып «бір күн бұрын аңқылдап, жарқылдап нағашы-жиендермен әзілдесіп сөйлеп тұрған үнін естіп едің» - деп бәрі еске алады. Яғни бұл өмірден 10 сәуірде күні ың-шыңсыз өте барды 67 жасында...

«Армансыз адам - қанатсыз құспен тең» - дейді халық даналығы. Осы қысынан алғанда адам баласының армандай білуінің өзі ерекше бір қасиет қой дейміз. Өйткені арманшыл адам зенгір көкте қалықтаған құл сияқты. Адам шау тартып, қартая бастағанда өткен өміріне ой жүгіртіп, «бұл өмірде не істедім, артымда қандай із қалдырдым» - деп жиі-жиі ойға берілері табиғаттың заңы. Төлеу досымыз да арманшыл болды. Сол арман - ойы орындалды деп есептейміз.

Төлеудің балалық шағы Талтоғайдың құмында өтті. Қайран Қалима шешеміз керемет жан еді. Ұлдан жалғыз баласын «Ақ Төлеуім» - деп, мөпелеп ерт жеткізді. Өрине Төлеуде басқа ауыл балаларына қарағанда, ерте есейді. Анасын қастерлеп бақты. Отан алдындағы борышын абыроймен өтеп келіп, үйленді.

Бұл жерде өткен кеңес үкіметінің жақсы жақтарын айта кетуіміз керек. Ауыл балаларына білім беру үшін интернатқа жатқызып, жақсы тамақтандырып бүкіл жағдайды жасады. Санасы бар, оқимын деп ұмтылған жастардың мүмкіндігі көп болды. Соның бірі Төлеу орта арнаулы білім алған соң анасын бағу үшін, еңбекке ерте араласты. Төкең жар таңдауда қателескен жоқ.

Аудан орталығы Ойыл селосында жігіттерден қаншама дос - жолдас тапты. Қайнаған қыздардың арасынан, білім іздеп келген Сәулені таңдап отбасын құрды.

Төкең техника тілін жақсы меңгерді. Соның арқасында Ойыл совхозында автокөлік жүргізуші, «Машдвор меңгерушісі», жанар-жағармай меңгерушісінің қызметтерін ойдағыдай атқарды. Белді комсомол мүшесінің бірі еді. Кеңес үкіметі ыдыраған соң, еңбексіз жүрген кездері де болды. Бірақ мойымады. Қоғамдық жұмыстардан қалмады. Өрине еңбексүйіштігін қабілетін білген соң, «Нұр-Отан» партиясына қабылдап сол ұйымның есеп-қисабын жүргізу үшін сектор меңгерушісі қызметінде жасады.

Жасы жетіп зейнеткерлікке шығып отбасы, тума-туыс, жекежат өүлеті алдында абыройлы башы болды.

Төлеу мен Сәуле екеуі бақытты ғұмыр кешті. Өмірге 6 перзент өкелді. Оларға тамаша тәлім-тәрбие бере білді.

Бұл күнде ұл-қыздарының барлығы білім алып, өмірден өз орындарын тауып, Қазақ елінің «кетігіне бір-бір кірпіш болып қаланып», елімізде үйлі-баранды болып еңбек етуде.

Ұлдың үлкені Нұрқанат Алматы қаласында отбасын құрып, тұрақтап қалды. Кәсіпкер болғасын үнемі бауырларына көмек беріп жүреді. Екінші ұлы Айболат өке-шешемен бірге отбасылы. Аудандық ІІБ-де қызметте. Полиция майоры. Үшінші ұлы Тимур теміржолшы, отбасымен Ақтөбе қаласында тұрады. Қыздары Назгүл, Ақгүл және Жанат жән-жақта тұрмыста. Төкеңнің жары Сәуле көп жыл балабақшада қызмет жасап, зейнетке шыққан салиқалы бейбітше. Қазір немере бағып отыр.

«Еркек сергек ұйықтаса ырыс бітеді», «Әйел сергек ұйықтаса бір ыс бітеді» - дегендей Төкең мен Сәуле екеуі жарасымды өмірден басқа, қолдарының ашықтығымен, кішіпейілділігімен айналасына көп жора-жолдас пен ағайын туыстарды біріктіріп жинай білді. Ағайындары Төлеусіз құдалыққа бармай, той өткізбейтін еді. «Құдан құрдасыңдай болсын» - дегендей құдалары жақын адамдар болды. Төкеңнің ұйымдастыруымен 1954 жылы туғанда күні бүгінге дейін бірге жүріп, жұбымыз жазылмай келеді. Төкеңнің ортада жүріс-тұрысы, киім-кйсі, өзін көңілді ұстай білуі, өншілік өнері бір төбе. Айналасындағыларға «Болсын» - деп, көмегін аямайтын, ақ көңілденіп шауып жүретін. Қолы жомарт, сұрасаң көйлегін шешіп беруге дайын. Осындайда мына өлең Төлеу сияқты азаматтарға айтылатындай.

Қасында бір болатын,
Жасынан шыңдалатын.
Жаһанда жаяу қалсаң,
Азамас мінген атын.
Көңілге нұр беретін,
Өмірге бір келетін.
Не көрсе бір көретін,
Бір досың керек екен.
Достарың керек екен.

«Адам өлген күні өлмейді, ұмыт болған күні өледі» - деген нақыл сөз бар.

Яғни Төлеу досымыз ер қайсысымыздың жадымызда.

Ал мынау қамшының сабындай өте шыққан өмірде жіберген кемшілігің болса, бөріміз «кешіреміз». Жаңың жаннатта болсын аяулы дос.Өрине қайда баратының бір Алланың құзыретінде.

Еске алып көңіл айтушы құрбас достары: Елемес, Тілеген, Мәденбай, Әлімжан, Құбайдолла, Бисенбі, Байнұай, Жоламан, Жолыбай, Сүндет, Мақсөт, Темірхан, Көрпеш, Серікбай, Сәуле, Роза. Жазына, Талпын және Наташа.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурса қысыналатын жер учаскелерінің тізімі

«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі,жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сумен қамтылуы
					Егістік	Жайы-лымдық	Шабын-дық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	890,0	-	884,0	-	6,0	11	қамтылмаған
2	Лот 2, учаске №1, Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1150,0	-	1149,8	-	0,2	11	қамтылған
3	Лот 3, учаске №1 Ш.Берсиев атындағы а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	1200,0	-	1198,5	-	1,5	11	қамтылмаған
4	Лот 4, учаске №1 Қайыңды а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	2000,0	-	1996,0	-	4,0	11	қамтылмаған
5	Лот 5, учаске №1 Ойыл а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	629,0	-	627,8	-	1,2	11	қамтылған
6	Лот 6, учаске №1 Саралжын а/о	ш/қ жүргізу үшін	10-49 жыл	700,0	-	694,8	-	3,6	11	қамтылған

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тіілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) күеландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем.участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				Средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1 , участок №1, сельский округ имени Ш.Берсиева	для ведения к/х	10-49 лет	890,0	-	884,0	-	6,0	11	не оснащен
2	Лот 2 , участок №1, сельский округ имени Ш.Берсиева	для ведения к/х	10-49 лет	1150,0	-	1149,8	-	0,2	11	оснащен
3	Лот 3 , участок №1 имени Ш.Берсиева с/о	для ведения к/х	10-49 лет	1200,0	-	1198,5	-	1,5	11	не оснащен
4	Лот 4 , учаске №1 Кайыңдинский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	2000,0	-	1996,0	-	4,0	11	не оснащен
5	Лот 5 , учаске №1 Уилский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	629,0	-	627,8	-	1,2	11	оснащен
6	Лот 6 , учаске №1 Саралжинский с/о	для ведения к/х	10-49 лет	700,0	-	694,8	-	3,6	11	оснащен

Примечание !!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

1) заявка на участие в конкурсе;

2) конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;

3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Предложения представляют в запечатанном конверте, пронумерованном, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. С схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.

Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.	Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07. Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.	Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1768 дана. Тапсырыс №611 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525 «Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә
--	---	--

ЖАСТАР ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ-ТӘЖІРИБЕЛІК ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

ЮНЕСКО клубтарының Қазақстан ұлттық федерациясының баспасөз қызметі атап өткендей, жобаның мақсаты - Қазақстанның мәдени мұраларын медиа құралдар арқылы жастар арасында және халықаралық қоғамға кеңінен насихаттау. «Жастар – әлеуметтік өзгерістер мен инновациялардың қозғаушы күші. ЮНЕСКО клубтарының федерациясы түрлі мәдени бағдарламалар мен ресурстар арқылы жастарға өз әлеуеттерін жергілікті және ғаламдық деңгейде көрсетуге және оны табысты болашақ үшін жандандыруға мүмкіндік береді. Сонымен, біз «Жастар және мәдени мұра» атты осы жаздың басты жобасын іске қостық»,- деп хабарлады ЮНЕСКО клубтарының Қазақстан ұлттық федерациясынан. Жобаға 16 мен 29 жас аралығындағы кез-келген адам қатыса алады. «Жобаға қатысушылар табиғи және мәдени мұралар туралы білімін тереңдете алады.

Сонымен қатар, халқымыздың тарихи мұра объектілері мен көпжылдық ескерткіштерін қорғауда өз үлесін қосуға мүмкіндік алады. Ең бастысы тұрақты және заманауи эко-бағыттағы туризм, мәдени және табиғи мұра объектілері туралы маңызды тарихи фактілер бойынша көптеген жаңа және пайдалы ақпараттан құлағдар болады», делінген хабарламада. Жоба бірнеше компоненттен құралған: білім беру, ақпараттық-түсіндіру, ғылыми-зерттеу және қорытынды практикалық бөлімдер. Жастар және мәдени мұра» жобасының ерекшелігі – қатысушылардың бірлесіп жұмыс жасауы, осылайша 3 қатысушыдан тұратын 150 команда ұйымдастырып, жоба аясында кең-байтақ Қазақстанның туристік маршруттары мен жұмбақ тарихи жерлері бірлесіп зерттелетін болады. Өтініштер 2021 жылдың 20 мамыры мен 30 маусымы аралығында қабылданады.

ОҚЫРМАНДАРМЕН КЕЗДЕСУ

ОБЛЫСТЫҚ «АҚТӨБЕ» ГАЗЕТІНІҢ ӨКІЛДЕРІ ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ОҚЫРМАНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.

Ойыл оқырмандарымен кездесу барысында елдің ардақтылары — академик Ишанбай Қарақұловтың, сынықшы Сүлеймен әулиенің, жазушы Құрал Тоқмырзиннің, басқа да танымал тұлғалардың есімдері ардақталып, олардың құрметіне арнайы сыйлықтар тапсырылған болатын. Осындай шаралардың барлығы әлеуметтік желі алаңдапты тұрған бүгінгі кезеңнің өзінде газет оқырман арасындағы ынтымақтастық желісін кеңейте түсері сөзсіз.

«Ақтөбе Медиа» ЖШС өкілі, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жақсылық Айжанов екі газетпен қоса елдің рухани мәдени құндылықтарын насихаттайтын «Үштаған» журналына жазылу жүріп жатқанын білдіріп, оқырмандарға журналдың бірнеше санын таратты. Газет-журналдардың архивте ғасырға дейін сақталатынын, ондағы құнды мате-

риалдар мен мақалалар ешқашан жоғалмайтынын айтты. Белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ертай Ашықбаев тізгінін ұстаған «Үштаған» журналы сапалы, ел тарихына, тағдырына қатысты мақалалар жариялайды.

Әрине, ойылдың тынысы газет тілшілерінің қаламынан тыс қалып көрген емес. Соңғы жылдары Ойыл ауданында жағымды жаналықтар көп болды. Кездесу барысында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан көлемінде болып жатқан барлық игі істер «Ақтөбе» газетіне үзбей шығып тұратынын айтты, ауданның мерейін өсіріп жүрген газетке алғысын білдірді.

Бір айта кетерлігі, Ойыл мен «Ақтөбенің» байланысы бұрыннан берік. Кездесуде оқырмандар өз ойларын ортаға салып, ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Ойыл ауданы, Көсембай ауданы, Аблаева Жұмажанды 70 жасымен құттықтаймыз!

Өткен күннің артта қалып елеси, Тіршіліктің жылжы берер кемесі. Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған, 70 жасың құтты болсын белесі! Балаларың басыңдағы бағыңыз, Жүзге дейін нұрлы шырақ жағыңыз. *Игі тілекпен: бала-келіні Нұрымжан-Нұрия, немерелері Нұрислам, Айлін.*

Құрметті Сәкен Фазизұлы!

Маусым айының 22 жұлдызында толатын 47 жас туған күніңіз құтты болсын! Осы қуанышты күні, деңізіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс – береке байлығын, әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз.

2016 – 2020 жыл аралығында, Қараой ауылдық округіне әкім болып жұмысқа орналастың. Келе сала, жылдар бойы жиналып қалған күл-қоқыстарды шығарып, ауыл тазалығына мән беріп, қолға алдың. Ең бастысы, шағын футбол алаңын салуға мұрындық болдың. Мешіт үйі, 25 орындық асхана, бір жағы нан пісіретін наубайхана, бірнеше дүкен, шағын кәсіпорындар ашылып, ауылдың сөні кірді. Үш жерге воркуаттар тұрғызылды, көшелердің бір жақ қапталына баннерге ауылдың еңбегі сіңген, ұстаз, директор, жазушы, журналист, кәсіпкер, бригадир, алтын медаль иегерлері, механизатор, т.б озаттардың суреттері ілінді. Жалғыз басты бес зейнеткерге үйін жылытуға, отын-суына көмек белдіңіз. Екі көшенің тұрғындары бірігіп, шағын драмалық көріністер, өзіл – сықақ, би, өн, т.б концерт қоюға тапсырма бердіңіз. Үш жыл бойы өр сенбі сайын өр көше дайындаған өнерлер көріп тамашаладық. Ауыл халқы көңілдері көтеріліп, ризашылықтарын білдірді. Жақсы өнер көрсеткені үшін, алты орынға бағалы сыйлық естелік жүлделер тапсырылды.

Менің атымдағы қазақ күрестен ауылдық турнир, үш жыл қатарынан өткізілді. Ауданнан сегіз команда, Қаратөбе, Қобдадан келіп, 90-ға жуық жас балауандар күш сынасты. Ойылда Құнабай Даулетқалиев 60 жасқа толуына байланысты, жуықта Қаракемерде Мінсізбай Жайлыбаев 60 жасқа толу құрметіне шағын футбол, аударыспақтан аудандық жарыс өткізілді. Осылардың барлығының басы-қасында жүрдің.

Бір сөзінде «Менің кемшілігімді айтып, бетіме басып, жамандаған жанды жанымдай жақсы көремін» - дегенсің. Солардың жасырмай ашық айтқан сөздерінің арқасында, жұмыстарым реттеліп, абыройлы жүремің деп күлетін. Ол, қартпен де, баламен де жүргенің салып тұрып, сөйлесе алатын. Кеуде де көрмейтін, талтандап жұрттан ұзамайтын да. Сөз бен істің адамы, екеуін ар – ұятпен орындайтын.

Құрметпен : Атағұлла Досниязұлы, зейнеткер, Қараой ауылы.

ӨРТ - ТІЛСІЗ ЖАУ ЕКЕНІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙЫҚ!



Адам өміріне, қоршаған ортаға орасан шығын әкелетін өрт оқиғасы деп айтылып, жазылғанымен өлде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Сондықтан, осы кезде өрт қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиісіз. Ең басты міндет -адам өмірі мен мемлекеттің мүлкін өрттен қорғау.

Мысалы, 2021 жылдың өткен кезеңінде тұрғын үй секторында 3 өрт оқиғасы тіркелді, ал 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 1 жағдай тіркелді, яғни 66,6 % өсіп отыр.

Өрттердің пайда болуына себеп болған:

- 1 тұрғындардың от қолдану кезіндегі абайсыздығынан;
- 1 тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы;
- 1 от жағу пешінің пайдалану ережелерінің бұзылуынан;
- 2020 жылы өрттердің пайда болуына себеп болған:*
- 1 қалдық шөптің өздігінен жануы;

Бұдан көретініміз, өрттің пайда болу себебінің басым бөлігі адами фактордан, яғни, тұрғындармен от жағу пешінің пайдалану ережелерінің бұзылуынан және от қолдану кезіндегі абайсыздықтан. Осыған байланысты, аудан тұрғындары мен қонақтарынан төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!!!

1. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуші аспаптары, сондай-ақ белгіш тұрғыдегі сақтандыру құрылғылары, ақыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жәнбайтын негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орнатылады.
2. Сымдар мен көбілердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі.
3. Тұрғын үйлердің пөтерлері мен жатақханалардың тұрғын бөлмелерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын өртүрлі шеберханалар мен қойма үй-жайларын орнатуға жол берілмейді.
4. Пөтерлер мен тұрғын бөлмелерінде төсекте темекі шегуге және пітада дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.
5. Қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына, электр жеткізу желілерінің астына және учаскенің сыртқы қоршауына

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

Газетке жазылу - 2021

Аудандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы 2021 жылдың ІІ жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: **2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)**

ОЛИМПИАДАНЫҢ ТАРИХЫ

ОСЫДАН ДӨЛ 125 ЖЫЛ БҰРЫН, ЯҒНИ 1896 ЖЫЛДЫҢ 6-15 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА ГРЕКИЯНЫҢ АСТАНАСЫ – АФИНА ҚАЛАСЫНДА ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ОЛИМПИА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ШЫМЫЛДЫҒЫ ТҮРПІДІ.

Олимпия ойындары – жер жүзіндегі жарыстардың жарысы, төресі болып саналады. Қазіргі кезде күллі адамзат қауымы өлі Олимпиададан артық, Олимпиададан қызығырақ жарыс ойлап тапқан жоқ. Өйткені, осы төрт жылда келетін байрақты дода, бүгінгі күні бүкіл дүние жүзін біріктіретін, бүкіл халықтың арманын бір жерге тоғыстыратын жарыс болып отыр. Бұл ойындарға, құрлықтық жарыстардан іріктеуден өтіп, жолдама алған спортшылар ғана қатысады.

Жалпы, Олимпиада күні кеше ғана пайда болған жоқ. Бұл ойындардың ұйымдастыруда француз Пьер де Куберден көп еңбек сіңірді. Олимпиадалық қозғалысты жандандыруға, қайта тірлітуге 40 жылдай уақытын жұмсады. 1892 жылы 25 қарашада Сорбоннаның салтанат залында Пьер де Куберден «Олимпиаданы жаңғырту» тақырыбында деріс оқыды. Осы жерде, ол алғашқы рет бүкіл әлемде спортты жандандырудың маңыздылығын, ол бейбітшілік пен қауіпсіздіктің символы болуы керектігін айтып, Францияның оқу ағарту министріне Олимпиаданы өткізу туралы ұсынысын айтады. Министр болса, оның бұл идеясы жақсы екенін, ұсынысын қабылдайтынын, бірақ бұл мәселені шешуге халықаралық конгресті шақыруды тапсырады. Содан 1894 жылы 24 маусым күні Сарбонна да конгресс шақырылады. Оған 12 елден келген екі мың делегат қатысып, Олимпия ойындарын өткізу екі өрікениеттің арасында жүткен Афина қаласы алғашқы Олимпиаданы өткізетін қала болып таңдалады. Арада екі жыл өткен соң, 1896 жылы Афина қаласы, қазіргі заманғы Олимпия ойындарын өткізеді. Ал екі жыл бұрын конгресте Олимпиаданы өткізу туралы баяндама жасаған француз Пьер де Куберден, тарихта Олимпиаданы тірліктен, оның бастамашы болған адам ретінде қалады.

1896 жылы Афина Олимпиадасы

сәуірдің 6-15 аралығында өтеді. Бағдарламасына: күрес, гимнастика, жеңіл және ауыр атлетика, жүзу, нысана кездеу, теннис, семсерлесу сияқты спорт түрлері кірген. Олимпиада алауы жағылады. Содан бері, ол төрт жылда бір рет қолдан қолға, шекарадан шекараға өтіп, олимпиаданы қабылдайтын қаланың төріне келіп, үлкен қазандықта тұтанады.

Адамдар достығының салтанатына айналып отырған қасиетті Олимпия алауының ғасырдан-ғасырға жетіп, лаулап түсері хақ. Сондықтан да ол әлемнің қай түкпіріне шаңырақ көтерсе де, өр ел оған өзінің тандаулы мәйталман спортшыларын аттандырып отырады. Ол қасиетті жол - ақ ниет жолы. Бұл жол ешқашан таусылмайды. Олимпия алауы мәңгі лаулай береді. Ал, Олимпиаданың эмблемасы 1913 жылы жасалады. Ондағы 5 шеңбер – 5 құрлықты бейнелейді. Олимпиаданың туы – ақ матаға салынған логотип. Ақ тұс – ойын кезіндегі бейбітшілікті білдіреді. Олимпия символы – бірін-бірі жалғаған көгілдір, қара, қызыл, сары және жасыл бес шығыршық. Қай елдің болсын ұлттың туларында осынау бояу түстерінің кез-келгені бар. өрбір шығыршық құрлықты: көгілдір – Еуропаның, қара – Африканы, қызыл – Американы, сары – Азияны және жасыл Австралияны бейнелейді. XIX ғасырдан бері төрт жылда бір рет өткізілетін жарысқа қысқы спорт түрлерін енгізіліп, 1924 жылдан бастап қысқы Олимпиялық ойындар өткізіліп келеді. Ол ақ Олимпиялық ойындар деп аталады.

Міне, олимпиада сияқты тарихи жарыстарға біздің еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде тек 1996 жылдан бері қатысып келеді. Ал, одан бұрын, яғни, Кеңес одағы кезінде де қазақ жастары, Олимпиадаға алып елдің қол астында қатысканын білеміз. Қазақ жастарының алғашқы жүлде алған кезі де КСРО тұсында болатын. Ғұсман Қосанов 1960 жылы Римде



өткен жазғы XVII олимпиада 4*100 метрлік эстафеташылар жарысында күміс жүлде алды. Ал, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы – баскетболшы Әлжан Жармұхамедов. Ол ағамыз КСРО құрамасының санында 1972 жылы Олимпиада чемпионы атанды. Менің есімде қалғаны, ойналған КСРО-АҚШ құрамалары финал аяқталуға үш секунд қалғанда жан берісіп, жан алысып, ойын үстінде ретін тауып, қарсы жақтың алаңда тұрған С. Беловақа, бар екпінмен лақтырды. Сергей көз іспесен шапшаңдықпен қарғы, торға бүлк еткізді, сөйтіп 98:96 есебімен ұтып, алтын медальды жұлып алды. Содан кейін 1980 жылы грек-рим күресімен Жақсылық Үшкеміров пен Шәміл Серіков Олимпиада чемпионы атағына ие болды.

Дегенмен, одан ертерек тағы бір талантты спортшысыз биыл 85 жасқа толған Амин Тұяқовтың 1964 жылы Токиода өткен жазғы XVII Олимпиада жүлде алатын жөні бар еді. Ол кезінде 100, 200 метрге жүгіруден және 4*100 эстафеталық жарысында КСРО рекордшысы болған. 1963-1965 жылдары 200 метрік жарыста КСРО халықтары спартакиадасының екі дүркін жеңімпазы, екі мәрте чемпионы атанған. Ал 100 метрлік эстафеташылар сынында Еуропа кубогінің жеңімпазы, КСРО чемпионатының бас жүлдесін бес рет жеңіп алды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шөп шабуға механизаторлар қажет. Айнұғы 200 000-250 000 теңге. Нұмет білгірған азаматтардың мына телефонға хабарласуларын сұраймыз! 87059192310.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ойыл ауданының бұрынғы тұрғыны **МҰҚАНОВ ОРЫНҒАЛИДЫҢ** бір жылдық садақасы 2021 жылдың 26 маусымында сағат 11.00-де Алға ауданы Маржанбұлақ ауылында інісі Әлібидің шаңырағында берілетінін барлық ағайын-туыстарға, таныстарға хабарлаймыз. *Қарындас-күйеубаласы Әлия-Серік, іні-келіні Әлібу-Айгүл*

АДИНА ТИМУРОВА, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Филология факультетінің студенті.

Атағұлла ДОСНИЯЗҰЛЫ, Спорт ардагері, Қараой ауылы.